



Серік
ЖАҚСЫБАЕВ
Екібастұз қаласының
Құрметті азаматы,
КСРО Журналистер одағының мүшесі.

ЖИДЕБАЙДА БОЛҒАНДА

1978 жылы қыркүйектің 30 күні Алматыдан ұшақпен Семейге келіп, Жидебайдағы Хакім Абайдың әдеби-мемориалдық музейіне бармақшы болдым. Ертеңінде осындағы ауылшаруашылығы саласы қызметкерінің ГАЗ 69 маркалы машинасымен жүргізуші екеуіміз жолға шығып, түске таман Жидебайға келдік. Машинадан түсіп, музейге келгенімізде оның есігі құлыптаулы екен. Сонда жүргізуші жігіт музейдің сыртындағы үйге жағдайды білуге кеткен-ді. Оған үй иесі демалыс күні музей жұмыс істемейді. Ертең келіңдер дейді. Осыған болмашы ашуға булыққан мен жүргізушіге: «Үйге қайта барып, үй иесіне сізді бастық шақырады деп айт», - дедім. Жігіт үйге кетті. Алайда жігіттен бұрын үйден домбалшаң, көйлекшең, бойы ұзын, мығым келген ақсақал шығып, машинаның жанында тұрған маған жақын келгенде мен: «Ассалаумағалайкум!» - деп сәлем бердім де одан бұрын сөйлеп: «Ақсақал, мұныңыз қалай, есігіңіздің алдына жол соқты боп келген қонақпен сыртқа шығып тілдеспей, ертең келіңдер дегеніңіз», - дедім. Сонда ол асып — сасқан кейіппен: «Айтқаның дұрыс, балам. Тамақтанып отыр едім. Өзің кім боласың?» - деді. Мен де ақтала түсіп: «Ақсақал, менің жабық музейді көріп, соншама алыс жерден келіп, қысылғаннан айтқан сөзімді кек көрмеңіз. Сәті түскенде Абай атамыздың музейін көрмек ойым болды. Осы оймен келгенімде жақсы болғанда сіздей ақсақалмен кездескеніме қуаныштымын. Енді Сізге қояр бір сұрағым бар, алдымен соған жауап берсеңіз», - дегенімде ол: «Олай болса, сендер сәл тоса тұрыңдар, мен үйге кіріп, киініп, музейдің кілтін алып шығайын», - деп ақсақал аяғын тез-тез басып үйіне кетті.

Ақсақал үйден шығысымен маған келіп: «Балам, енді сұрағыңды айт, сосын музейге барайық», - деді.

Сондағы менің оған айтқаным: «Ата, Абай атамыз өз заманында мүмкіндігі бола тұра сонау ғажап көрікті Шыңғыстауда тұрмай мына сияқты сайын дала желінің өтіндегі жерді неліктен мекендеді. Соның себебін айтсаңыз?».

Бұл сұраққа оның айтқаны: «Балам, көресің бе, біз тұрған жердің терістік пен шығыс жақтары созылып жатқан кең жазық екенін. Мұнда ұзын сабақты шөп пен сары көде өседі. Қыста жерде нығыздалған қалың қар болмайды. Оның себебі: жауған қар қатты желдің үрлеуінен қаудырап қалады. Кейін жауған көбік қарды да жел сырғытып әкетіп отырады. Осындай жұқалаң келген ала

қанат қарда (қары бір жерде бар, бір жерде жоқ). Тамаққа деп қолда ұстап отыратын ешкі, қой, сиыр, жылқы сияқты малдар қыс бойы үйдің жанында тебін теуіп жайылып жүреді. Сондықтан жазда қолда ұстайтын малдарға қысқа керекті шөп дайындалмайды. Ал Шыңғыстаудың қары қалың болады. Бұл жердің тағы бір қасиеті: көк те ерте шығады.

Осы әңгімеден соң мен оған: «Ата, баяғыда Баянауыл сыртқы дуанының аға сұлтаны Мұса Шорманов та Баянаула тауынан 90 шақырым қашықтықтағы «Ақкелін» деп атталатын қыраттың бауырындағы жер бедері мен шөптері де дәл осындай жерде алты бөлмелі ағаш үйде тұрыпты», - дегенімде ол: «Япырай, балам-ай, сен Баянауылдан екенсің ғой», - деп менің шыққан жерімді біліп қойды.

Айтпақшы, өткен ғасырдың 60-шы жылдары әкейдің нағашысы, суырып салма қарт ақын Жолдинов Жүнісбектен (1895-1983жж.) Мұса Шорманов көрікті Сабындыкөлдің жанында тұрмай, ең даладағы Ақкелін қыраты маңындағы жазықты мекен қылды деп сұрағанымда оның айтқаны да Жидебайдағы ақсақалдың айтқанына сабақтас деуге болады.

Біз әңгіме қылған ақсақалдың аты-жөні: Ниязбек Әбдіғамұлы Алдажаров – сол кездегі Жидебайдағы Абай музейінің шырақшысы, этнограф, шежіресі, Абайдың аталас туысы, бірінші топтағы соғыс мүгедегі. Ниязбек ақсақал Шәкірім Құдайбердіұлының жиырмаға жуық әнін нақышына келтіріп орындаған.

Ниязбек ақсақалмен бірге музейді түгел аралап көріп, кейбір жәдігерлер бойынша түсінік алып болғаннан кейін онымен әр тақырыпта аз-маз әңгімелескен едім. Сондағы әңгімелердің арасында Ниязбек ақсақалға: «Музейдің бір бөлмесінің қабырғасында тұрған Абайдың үйінде болған белгілі адамдардың суреттері ішінде болуы керектігі бір адамның суреті неге жоқ», - деп сұрақ қойғанымда ол: «Со кісінің суретін қолыма түсіре алмай жүрмін», - деді. Сонда мен оған: «Амандық болса, ол адамның суретін Сізге Екібастұзға барғасын поштамен салып жіберемін», - дегенімде ол: «Бәрекелді», - деп қуанып қалды. Ол адам-екеуміз де оның атын атамай-ақ түсініскен Мәшһүр Жүсіп Көпеев болатынды. Үйге келгесін, қазан айының соңында 1960 жылы Баянауыл ауданындағы «Жаңа жол» совхозында тұратын Мәшекеңнің кенже баласы Пазылдың қара шаңырағында отырған Нүрилә апайдың маған берген Мәшһүр Жүсіп атамыздың көпшілікке белгілі үкілі тақиямен түскен фотосуретін 30x22 сантиметрге үлкейтіп, пошта арқылы Жидебайға салып жібердім. Осы фотосурет күні бүгінге дейін Абайдың Жидебайдағы әдеби-мемориалдық музейінің ішінде ілулі тұр.

Әңгімеміздің соңында Ниязбек ақсақал (Алла Тағала оған разы болып, иман берсін) маған Абайдың бақилық болар алдында шығарған төмендегі өлең жолдарын айтқан еді:

«Күнәйім көп Илаһи,
Кешіре гөр мұнымды.
Барар басқа жерім жоқ,
Ұсындым Хаққа мойнымды.
Ата-Анам едің қара жер,
Аша гөр енді қойныңды».

Бұл өлең жолдары әзірге Абайдың шығармалар жинағына кірмегені белгілі. Осы өлеңді аузы уәлі, сөзі дуалы Ниязбек ақсақал секілді инабатты адамның өтірігінен шыққан дей алмаймын.